

Орыс сыныптарына арналған қазақ тілі мен әдебиеті 7-сынып

*Ақпанның он бірі
Сабақтың тақырыбы*

Ақ бидай

Жаңа сөздер

- *Егін-урожай*
- *Егіншілік-земледелие*
- *Қуаңшылық-засуха*
- *Нашарлай-хуже*
- *Мұң-зарына- к печали*
- *Зая кетпей- не уходя попросту*
- *Айырылмас – неразлучный*

Жазылым.

50-бет,1-тапсырма Сұрақтарға жауап бер.

Ответить на вопросы

1. Сен тұратын жерде егіншілікпен айналыса ма?
2. Егіншілікпен кімдер айналысады?
3. Егіншіліктің қандай пайдасы бар?

Тыңдалым. Оқылым.

50-51-бет, 4-тапсырма .Мәтінді мұқият оқы.

Внимательно прочитать текст

Ақ бидай

Есте жоқ ерте заманда бидай өз бетімен өседі екен. Бір жылы қуаңшылық болады. Тіршілік үшін жанталасқан өсімдік атаулы Ақ бидайды жан-жағынан қаумалап, астындағы суды тартып алады. Кейбір бойшаң бұталар күннің көзіне қасақана тұрып алып, жарық түсірмейді. Сөйтіп, Ақ бидайдың жағдайы күннен-күнге нашарлай береді. Ақырында өлер халге жетеді. Содан соң олай-бұлай өткен әртүрлі аңдардан жәрдем

сұрайды. Үстінен әрлі-берлі қалықтап ұшып жатқан үлкенді-кішілі құстарға жалбарынады. Бірақ оның өтінішіне, мұң-зарына ешкім құлақ аспайды. Енді өлдім ғой деген сәтте, Ақ бидайға садақ асынған, қолында найзасы бар, аң аулап жүрген Адам тап болады. Бидай байғұс көзінің жасын төгіп тұрып, Адамға мұңын шағады. Адам ойланып тұрып, ақырында оның өтінішін қабыл алады. Садағын жерге қойып, найзасын бұтаға сүйей салады да білегін сыбанып жіберіп, іске кіріседі. Ақ бидайдың айналасындағы шөптің бәрін қолымен отап, тып-типыл қылады. Олардың бидайға ауыз салып жатқан тамырларын найзасының ұшымен қопарып тастайды.

Бұлаққа барып тақиясына толтырып су әкеледі. Әлсіреп қалған Ақ бидай мөлдір суға қанып, бой түзеп, құлпырып сала береді.

Адам да жиі-жиі келіп, бидайға қамқор болып жүреді. Қаскөй шөп, тікендерді оның қасына жуытпай, мезгіл-мезгіл суарып тұрады.

Күзге салым бидай піседі. Баданадай дәндерінің бір түйірін де шашау шығармастан, Адамға тарту етеді. Адам сыйға алған дәнін бір қыс сақтайды.

Көктем шыққанда ол үйшігінің жанындағы тәуірлеу жерді қопсытып, соған әлгі дәнді себеді. Жаз бойы арам шөбін жұлып, мезгілімен суарып, баптап тұрады. Ақырында еңбегі зая кетпей, күзде Адам бір дорба бидай алады. Келер жылы бір қап, содан соң он қап, одан соң мың қап, сөйтіп, адамзат бидайды әлденеше миллион қап етіп алатын болды.

Адам мен Ақ бидайдың айырылмас достығы ерте заманда осылай басталған екен.

- **Оқылым. Айтылым.**

51-бет,5 –тапсырма.Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.Ауызша.

Ответить на вопросы по тексту. Устно.

Ақ бидайдың өсуіне не кедергі болды?

Ақ бидай кімдерден көмек сұрайды?

Ақ бидайға кім көмектесті?

Жазылым.Оқылым.

3-тапсырма Берілген сөздерге сұрақ қой. Осы сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін құра.

Составить словосочетания с данными словами

- | | | |
|---------------|-------------|-------|
| 1. Шаруашылық | өнім | суару |
| 2. Еңбек | бай жер | диқан |
| 3. Ырыс | дәнді дақыл | алқап |
- Активаци

Сау болыңыздар!

